

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 469 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы макұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрі Мәжит Төлеубекұлы Есенбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

ЖОБА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын),

екі ел арасындағы тарихи және мәдени байланыстарға орай, екі елдегі еркін кәсіпкерлік сауда-экономикалық байланыстарды дамытумен қатар, әлеуметтік даму үшін қажетті негізді қамтамасыз ететінін назарға ала отырып,

өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды дамыту үшін екі ел арасындағы қазіргі стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ұмтыла отырып,

екі ел арасындағы байланыстарды дамыту өңірдегі бейбітшіліктің және тұрақтылықтың нығаюына үлес қосатынын мойындай отырып,

Тараптар мемлекеттері арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамыту, сондай-ақ үшінші ел ынтымақтастық өңірлік сауда-экономикалық ынтымақтастықты

нығайтуда маңызды рөл атқаратынын ескере отырып, 1997 жылы 10 қыркүйектегі Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы сауда-экономикалық және техникалық ынтымақтастық туралы Келісімді, сондай-ақ екі ел арасындағы қолданыстағы басқа да халықаралық шарттарды негізге ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

I-бап

Осы Келісімнің мақсаты екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту, оның дамуына кері өсерін тигізетін кедергілерді жою болып табылады.

II-бап

Осы келісімнің қағидаттары:

- а) екі ел шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өзара ынтымақтастығын дамыту және көтермеленеу;
- б) қысқа мерзімді сауда-экономикалық байланыстармен қатар ұзак мерзімді өндірістік қызметті, өзара инвестицияларды және бірлескен кәсіпкерлікті көтермеленеу және көтермеленеу шараларын қолдануда өзаралық қағидатын сақтау;
- с) тұрақты ақпараттар алмасу және Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы кеден тарифтері мен олардың кез-келген өзгерістері туралы консультациялар өткізу.

III-бап

Тараптар өз мемлекеттері экономикасының өзара толықтыратын құрылымын назарға ала отырып, сауда, өнеркәсіп, энергетика, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік және коммуникациялар, қаржы және банк ісі, денсаулық сақтау, туризм салаларында, сондай-ақ экономиканың басқа да салаларында еркін нарықты экономиканың салыстырмалар басымдықтары мен ереже қағидаттары шенберінде ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

IV-бап

Осы Келісім шенберіндегі сауда-экономикалық қатынастар осы Келісімге қол қойылғаннан кейін Тараптар әзірлейтін Ұзақ мерзімді экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) мен Ұзақ мерзімді экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына (бұдан әрі - Іс-қимыл Жоспары) сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Бағдарлама мен Іс-қимыл жоспары Тараптардың дипломатиялық арналар арқылы мемлекетішілік рәсімдердің аяқталғаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күні күшіне енеді.

Ү-бап

Бағдарлама мен Іс-қимыл жоспары шеңберінде жүзеге асырылатын іс-шараларды, сондай-ақ жоғарыда айтылған қызметті жүзеге асыруға жауапты институттарды қазақстан тараپынан - Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрлігі және түркиялық тараپынан - Түркия Республикасының Премьер-Министрі аппараты жаңындағы сыртқы сауда істері жөніндегі Кеңесші Аппараты үйлестіретін (бұдан әрі - Үйлестіруші органдар) болады.

Үйлестіруші органдар:

а) Бағдарлама мен Іс-қимыл жоспарын іске асыруға қатысты мемлекеттік және жеке сектор институттарының қызметін үйлестіру;

б) Бағдарлама мен Іс-қимыл жоспары шеңберіндегі дамуды, пайда болуы мүмкін проблемаларды, сондай-ақ екі жақты қатынастарды жақсарту үшін қабылдануы қажетті шараларды қоса алғанда, іске асыру және бағалау жөніндегі есеп дайындау.

ҮІ-бап

Бағдарлама мен Іс-қимыл жоспарында көрсетілген іс-шараларға жауапты институттар тұрақты түрде, әр үш айда Үйлестіруші органдарға қол жеткізілген нәтижелер мен іске асыру проблемалары туралы, сондай-ақ жаңа тиімді жобалар бойынша есепті береді.

Үйлестіруші органдар жоғарыда аталған Іске асыру және бағалау жөніндегі есептермен әр алты ай сайын алмасып отырады.

ҮІІ-бап

Осы Келісімнің Ү/b-бабында қаралатын іске асыру және бағалау жөніндегі есептер Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасында 1993 жылғы 2 қыркүйекте қол қойылған экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия

құру туралы Хаттамаға сәйкес қалыптасқан экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-түркия үкіметаралық комиссиясының мәжілістері шеңберінде пысықталатын болады.

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия мәжілістерінде қажет болған жағдайда Бағдарлама мен Іс-қимыл

жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады.

Егер, экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия мәжілісі тұрақты негізде өткізілмесе, Үйлестіруші органдар Бағдарлама мен Іс-қымыл жоспары шеңберінде өткізілетін іс-шаралардың іске асырылуын қадағалау нысаны мен тәртібін белгілейтін және қажетті шараларды айқындайтын болады.

XIII-бап

Осы Келісімнің XII-бабына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бағдарлама мен Іс-қымыл жоспары осы Келісімнің IY-бабында көзделген рәсімдерді жүргізу жолымен күшіне енеді.

IX-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды өзара консультациялар және/немесе келіссөздер жолымен шешетін болады.

X-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру Тараптар жасасқан басқа да халықаралық шарттардан туындаитын құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

XI-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделу жолымен енгізіледі.

XII-бап

Осы Келісімнің іс-әрекетін тоқтату осы Келісімнің іс-әрекетін тоқтатуға дейін басталған жобалардың жүзеге асырылуына әкеп соқтырмайды.

XIII-бап

Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті, Тараптардың мемлекетішілік рәсімдерді орындауды туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енеді.

XIV-бап

Кез-келген Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар ету жолымен осы Келісімнің әрекетін тоқтата алады. Бұл жағдайда Осы Келісімнің әрекеті мұндай хабарлама алған күннен бастап 6 ай өткен соң тоқтатылады.

2003 ж. " " қаласында екі данада түрік, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімді түсіндіруде келіспеушіліктер болған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Түркия Республикасының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК